


«КЕЛІСЕМІН»

I вице-президент,  
доктор, профессор




Женгиз Томар

« 17 » 08 2020 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік  
университетінің президенті, профессор





Б.Абдрасилов

2020 ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

### КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ




КЕ-СМЖ-007-2020

### ҒЫЛЫМИ КОМИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру бөлімі тарапынан ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- 2 Әзірлеген
  - Ғылымды коммерцияландыру департаментінің директоры Е.Керимбеков
  - Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы А.Балтабаева
  - Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің маманы Ж.Сеиткулова
- 3 Келісілді
  - Оқу-әдістемелік істері жөніндегі вице-президент Ө.Үмбетов
  - Академиялық инновация жөніндегі вице-президент Ш.Есимова
  - Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент Пусат Пилтен
  - Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент К.Беркимбаев
  - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ғ.Мұсаханов
  - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
- 4 ЕНГІЗІЛДІ – 2020
- 5 Тексеру мерзімі – 2022

Қызметтік қолданыс үшін басылым



<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>KE-СМЖ-007-2020</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Кеңес ережесі</b>	
<b>Ғылыми комитет ережесі</b>		<b>8 беттің 2-ші беті</b>

## МАЗМҰНЫ

1. Қолдану саласы	3
2. Нормативті сілтемелер (сілтемелік құжаттар)	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5. Жалпы ережелер	4
6. Негізгі мақсаттар мен міндеттер	4
7. Ғылыми комитеттің құрамы мен жұмыс регламенті	5
8. Өзгерістерді енгізу тәртібі	6
9. Келісу, сақтау және тарату	6
Қосымшалар	
А. Танысу парағы	7
Б. Өзгерістерді тіркеу парағы	8

## АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ереже университеттің территориясы мен қалқтамаларында:

АҚ – Ғылыми комитет;

ҚҰЖ – сапа менеджментінің жүйесі;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ТР – Түркия Республикасы;

ҚП – Құжаттық менеджмент;

ҚББҰ – Жоғары білім беру ұйымдары;

АББҰ – Жоғары біліммен қамтамасыз ету білім беру ұйымдары;

ӨК – Өкілетті орган;

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі;

СРСО – Стратегиялық жоспардың жетістік және сапа орталығы;

УҚТАО – Уақытша ұйымалық-тәртіптік жұмыс орталығы.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		KE-СМЖ-007-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Ғылыми комитет ережесі		8 беттің 3-ші беті

## 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ғылыми комитеті (бұдан былай – ФК) ережесі университеттің коллегиялды құрылымының ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәртебесін әлемдік деңгейге интеграциялау мақсатында әзірленген және мәжілістерін өткізу, құрылымдарын анықтау, оның құрамын құру және өкілеттігін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

1.2 Осы Ереже университет президенті және I вице-президент бұйрығымен тағайындалған ФК мүшелері, университет қызметкерлері пайдалану үшін дайындалған.

## 2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

1. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңы, 2011 жылғы 24 қазандағы «Білім туралы» Заңы;

2. «Жоғары оқу орны Ғылыми кеңесі қызметінің үлгі ережесі және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22 қарашадағы № 574 бұйрығы;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы бұйрығы;

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы бұйрығы (2020 жылы 18 мамыр № 207 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген);

5. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы;

6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығы (2020 жылы 30 сәуірдегі № 170 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген);

7. ЖББҰ кейінгі білімге қатысты нормативті құжаттар, университет Жарғысы;

8. ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжаттамаларды басқару.

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережеде пайдаланылған терминдер мен анықтамалар тізбесі:

ФК – Ғылыми комитет;

ҒӘЖ – Ғылыми әдістемелік жұмыс;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ТР – Түркия Республикасы;

ҚП – Құжатталынған процедура;

ЖББҰ – Жоғары білім беру ұйымдары;

ЖБҚБҰ – Жоғары білімнен кейінгі білім беру ұйымдары;

ӨК – Өкілетті Кеңес;

ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

СРСО – Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы.

ҰҒТАО – Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		KE-СМЖ-007-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Ғылыми комитет ережесі		8 беттің 4-ші беті

#### 4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті мен I Вице-президент бекітеді.

4.2 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент жауапты болып табылады.

#### 5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ҒК университеттің ғылыми, ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік және инновациялық саясатын жүзеге асыру және қалыптастыру аясындағы жоғары сараптамалық кеңес болып табылады.

5.2 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ҒК төрағасы университет Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, орынбасары Түркия тарапынан вице-президент болып табылады.

5.3 ҒК-тің ұйымдастыру жұмыстарын қоғамдық негізде Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі атқарады.

5.4 Осы Ереже университеттің ҒК қызметін университет Жарғысы, Сенат шешімдері мен университет президенті мен I вице-президенті бұйрықтарына, ҒК төрағасы өкіміне сай анықтайды.

#### 6 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

Ғылыми комитеттің *негізгі мақсаты* – ғылыми, ғылыми-әдістемелік және инновациялық зерттеу саясатын жүзеге асыру механизмдерін, яғни зерттеу бағыттары мен тақырыптарының өзектілігін, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жүргізу және тарату үдерісіндегі құқықбұзушылықтарды болдырмау, заман талаптарын қанағаттандыруын координациялау болып табылады.

Ғылыми комитеттің *негізгі міндеті* – ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстарының және ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі құқық бұзушылықтардың болмауы, қызметтің барлық деңгейлеріндегі ғылыми ізденістердің заманауи бағытта болуын қамтамасыз ету мақсатында ғылыми-әдістемелік, ғылыми сараптамалық тыңдаулар, мәжілістер, семинарлар өткізу, шешім қабылдау, ұсыныс еңгізу.

6.1 Ғылыми-тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды, инновациялық жобаларды орындауда ҚР БжҒМ талаптары мен ӨК шешімдерінің және университеттің Стратегиялық даму жоспарының орындалуына жетекші болу;

6.2 Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және өндірістік жұмыстарды интеграциялауды ұйымдастыру;

6.3 Университеттің ғылыми-зерттеу институттары (орталықтары), факультеттер (жоғары мектеп) мен кафедралардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмыстарының жоспары мен жылдық есептерін бекіту;

6.4 Университетте анықталып, бекітілген басым ғылыми және ғылыми-әдістемелік бағыттар, шаруашылық келісім-шарттар міндеттері мен жұмыстарының орындалу барысын қадағалау. Ғылыми бағыттардың және шаруашылық келісім-шарттар орындалуына негізгі және қосымша жетекшілер жауапты. Әр жылдың 1 қарашасына дейін ғылыми, ғылыми-әдістемелік бағыттар, шаруашылық келісім-шарттар міндеттері мен жұмыстарының орындалуы бойынша есептері ҒК-ке тапсырылуы міндетті және ҒК-те талқылануы қажет және сол жылдың 30 қарашасына дейін ҰҒТАО-на өткізіліп, сол ұйымнан алынған

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		KE-СМЖ-007-2020
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Кенес ережесі</b>	
<b>Ғылыми комитет ережесі</b>		8 беттің 5-ші беті

ақпараттық картасы Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөліміне тапсырылуы керек;

6.5 Өндірістік орындар, білім беру ұйымдары және ғылыми-зерттеу орындарымен жасалған шаруашылық келісімдердің орындалуын қадағалау;

6.6 Университет құрылымдарындағы ғылыми, ғылыми-әдістемелік жұмыстардың стратегиялық және инновациялық бағыттарын жетілдіру;

6.7 Университет ғалымдарының монографиялары бойынша талқылау өткізіп, қорытындысын Сенатқа ұсыну:

- Университет ғалымдарынан келетін ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен монографиялар Сенат болатын әр айдың алғашқы аптасында қабылданады;

- Монографияға сала бойынша 3 ғалымның пікір беруі тиіс, «Антиплагиат» бағдарламасынан өту міндеттеледі;

6.8 Шетелдік және мемлекеттік гранттық конкурстарға қатысуды ұйымдастыру;

6.9 PhD докторанттар мен магистранттардың диссертациялық тақырыптарына және дипломдық жұмыстарына ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беру, өзгеріс енгізу бойынша қажет болғанда ұсыныс беру;

6.10 Ғылыми-әдістемелік тұрғыда бизнес жоспарларға, техникалық, экономикалық негіздемелерге жасауға басшылық ету;

6.11 ҚР БЖҒМ Комитеттерінің келіп түскен ақпараттарға орай ғылыми, ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды ҒК қарап, нормативті құжаттарға сәйкес ұсыныстарды университет Сенатына ұсыну.

6.12 Ғылым саласындағы ғалымдар мен ізденушілердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына және PhD докторанттардың, магистранттардың диссертациялық тақырыптарына зерттеу объектілерінің құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі құқық бұзушылықтардың болмауы туралы зерделеген Этикалық комиссияның қорытындысының болуы.

## **7 ҒЫЛЫМИ КОМИТЕТТІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ**

7.1 Ғылыми Комитеттің құрамына төраға, төраға орынбасары, мәжіліс хатшысы мен кеңес мүшелері кіреді. Комитеттің төрағасы университеттің Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президенті, орынбасары Түркия тарапынан вице-президент болып табылады. Басқа вице-президенттер де (келісімімен) ҒК-ке мүше бола алады. Кеңеске ғылыми-зерттеу институттарының (орталықтардың) директорлары, факультет декандары, ғылым салалары бойынша білікті ғалымдар кіреді.

7.2 Комитет құрамы мен ондағы өзгертулер Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент ұсынысы негізінде Университет ректоры мен ректор өкілінің бұйрығымен бекітіледі.

7.3 ҒК мәжілісі айына бір рет өткізіледі. Комитет мәжілісі комитет мүшелерінің кемінде жартысы қатысқанда жүргізіледі, шешім комитет мүшелерінің 2/3 бөлігі қолдағанда қабылданады. Кейбір мәселелер бойынша Комитет мүшелерінің келісімімен жабық түрде дауыс беру арқылы шешім қабылданады.

7.4 ҒК отырысының күн тәртібінде қаралатын мәселелері ҒК төрағасымен немесе төраға орынбасарымен бекітіліп, Комитет отырысының басталуына дейін 3 күн бұрын комитет мүшелеріне хабардар етіледі.

7.5 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ҒК-нің жұмысы жыл сайын құрылатын және оқу жылына бекітілетін жоспарға сәйкес атқарылады. ҒК жұмыс жоспары жыл сайын Ректор өкілі, I-ші вице-президентпен бекітіледі.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		КЕ-СМЖ-007-2020
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Кеңес ережесі</b>	8 беттің 6-ші беті
<b>Ғылыми комитет ережесі</b>		

7.6 ҒК отырыстарының шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттама төрағамен немесе төраға орынбасарымен, мәжіліс хатшысымен қол қойылып, 3 жұмыс күні мерзімінде қаралған мәселелерге қарасты бөлімшелерге үзінді ретінде таратылады.

7.7 ҒК-нде төтенше мәселелерді қарастыруда Комитет мүшелерінен құралатын 3 тұлғадан эксперттік комиссия құрылады.

7.8 Этикалық комиссия отырыстарының шешімдері хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттама төрағамен қол қойылып, 3 жұмыс күні мерзімінде қаралған мәселелерге қарасты тиісті тұлғаларға үзінді ретінде таратылады.

## 8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

## 9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөліміне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

9.2. Осы университет ережесінің бақылау данасы СРСО-да сақталады.

### КЕЛІСІЛДІ:

Оқу-әдістемелік ісі бойынша  
вице-президент

Ө.Үмбетов

Академиялық инновация жөніндегі  
вице-президент

Ш.Есимова

Даму және қаржыландыру жөніндегі  
вице-президент

Пусат Пилтен

Ғылыми-зерттеу істері  
жөніндегі вице-президент

К.Беркимбаев

Құқықтық қамтамасыз ету  
бөлімінің басшысы

Ғ.Мұсаханов

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг  
және сапа орталығының басшысы

Ж.Дарибаев



